

Ақылы медициналық қызмет көрсетуге ашық (жария) оферта шарты

Алматы қ.

10 маусым 2022 жыл

Осымен бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын «Alatau Assistance» ЖШС 2022 жылы 20 мамырда №1 сенімхат және 2022 жылғы «23» мамырда берілген №22009772 медициналық қызметпен айналысуға берілген лицензияның негізінде әрекет ететін Медициналық Директоры Ибраева Қарлығаш Болатовнаның атынан бұдан әрі «Тапсырыс беруші» немесе «Емделуші» деп аталатын кез келген кәмелетке толғамен осы Оferта шарттарында ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасу ниетін білдіреді.

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Шарт жария шарт – оферта болып табылады және ақылы медициналық қызметтерді, оның ішінде телемедицина құралдарын (бұдан әрі - Қызметтер) пайдалана отырып ұсынудың барлық елеулі талаптарын қамтиды. Тегін медициналық қызметті көрсету осы Шарттың мәні болып табылмайды.
- 1.2. Осы Шарттың талаптары барлық Емделушілер үшін бірдей болып табылады.
- 1.3. Осы Шарттың талаптарын толық және сөзсіз акцептінің (қабылдаудың) күесі, сондай-ақ шарт жасасу күні Емделушінің Шарт талаптарын орындау бойынша әрекеттерді жүзеге асыруы, атап айтқанда қызметтерді (қызметті) алу және/немесе оларға ақы төлеу болып табылады.
- 1.4. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады.

2. Шарттың мәні

- 2.1. Осы Шарт бойынша Орындаушы белгіленген тәртіппен бекітілген және қызмет көрсету кезінде қолданыстағы Орындаушының медициналық қызмет көрсету Прейスクрантына сәйкес ақылы медициналық қызметтерді көрсетеді, ал Емделуші оны төлейді және алады.
- 2.2. Орындаушы медициналық қызметтерді, оның ішінде Орындаушының, оның оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің нақты орналасуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген қолданыстағы рұқсат беру құжаттарының аясында және сәйкес телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсетуге міндеттенеді.
- 2.3. Орындаушы медициналық қызметті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Тараптардың міндеттері

3.1. Орындаушының міндеттері:

- 3.1.1. Орындаушыда бар лицензияларға және КР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушілерге / Емделушілерге ақылы медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді ұсыну;
- 3.1.2. Тапсырыс берушіге / Емделушіге осы Шарт бойынша Медициналық қызмет көрсету кезеңінде әрекет ететін Прейスクрантпен танысу мүмкіндігін беру;
- 3.1.3. Дәрігерлік құпия туралы заңнаманың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің/Емделушінің денсаулық жағдайы туралы медициналық қызметтерге жүгінің кезінде құпиялық режимін қамтамасыз ету;
- 3.1.4. Медициналық қызметтерді көрсету кезінде өзінің аумағында санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы қажетті тәртіпті ұстau;
- 3.1.5. Тапсырыс берушіге/Емделушіге құрметпен және адамгершілікпен қарау;
- 3.1.6. Тапсырыс беруші/Емделуші осы Шарттың 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен ақшалай қаражатты енгізгеннен кейін және төлемді растайтын құжаттарды ұсынғаннан

кейін осы Шартқа сәйкес диагностика мен емдеудің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып, медициналық қызметтерді толық көлемде сапалы көрсету.

3.1.7. Тапсырыс берушіге/Емделушіге көрсетілген медициналық қызметтердің түрлерін, көлемін, құнын, сондай-ақ одан түскен ақша қаражатын есепке алуды жүргізу.

3.2. Тапсырыс беруші / Емделушінің міндеттері:

3.2.1. Медициналық қызметтердің құнын осы Шарттың 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен Орындаушы бекіткен Прейскурантқа сәйкес оларды көрсету басталғанға дейін және Орындаушиның кассасы арқылы ғана төлеу;

3.2.2. Орындаушыда (олар болған жағдайда) жүргізілмен мамандардың алдын ала зерттеулері мен консультацияларының деректерін ұсыну, сондай-ақ өз деңсаулығының жай-күйі туралы, оның ішінде дәрілік заттарға аллергиялық реакциялар туралы, ауырған және ағымдағы аурулар және емдеу барысына әсер етуі мүмкін өзге де факторлар туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлау.

Жасырған немесе өзінің деңсаулығы туралы толық емес ақпаратты ұсынған жағдайда, емдеу нәтижесі үшін Орындаушы жауапты болмайды;

3.2.3. Осы Шарт бойынша ақылы медициналық қызметтерді ұсынудың тәртіптері және шарттарымен танысу;

3.2.4. Медициналық қызмет көрсететін мамандардың барлық медициналық нұсқамаларын, тағайындауларын, ұсынымдарын орындау, Орындаушиның ішкі тәртіп ережелерін, емдеу-корғау режимін, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сактау;

3.2.5. Емдеу курсынан өткен кезде емдеуші дәрігерге өзін-өзі сезінудің кез келген өзгерістері туралы хабарлау;

3.2.6. Орындаушы дәрігерлерінің пікірі бойынша Тапсырыс берушінің/Емделушінің деңсаулығы үшін қауіптілікті азайтуы немесе жоюы мүмкін қызметтерден бас тартқан жағдайда медициналық көмектен бас тарту туралы тиісті қолхат беру;

3.2.7. Тапсырыс беруші/Емделуші қызметті алудың тағайындалған уақытына қатысты 15 (он бес) минуттан артық уақытта келмеген және/немесе кешіккен жағдайда Орындаушы қызметті алу мерзімін ауыстыру немесе қызметті тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

4. Тараптардың құқықтары

4.1. Орындаушиның құқықтары:

4.1.1. Тапсырыс беруші/Емделуші Орындаушиның пікірі бойынша Тапсырыс берушінің/Емделушінің деңсаулығы үшін қауіптілікті азайтуы немесе жоюы мүмкін қызметтерден бас тартқан жағдайда Тапсырыс берушіге/Емделушіге оның деңсаулығы үшін мұндай бас тартудың ықтимал салдарын түсіндіре отырып, медициналық көмектен бас тарту туралы тиісті қолхат алу.

4.2. Тапсырыс берушінің/Емделушінің құқықтары:

4.2.1. Орындаушымен көрсетілген Қызметтердің барысы мен сапасын оның қызметіне араласпай, кез-келген уақытта тексеру;

4.2.2. Егер бұрын ұсынылған түсініктемелер оған түсінікті болмаса, Орындаушыдан өзінің деңсаулық жағдайына, диагностика мен емдеудің ұсынылған әдістеріне қатысты қосымша түсініктемелерді талап ету.

5. Медициналық қызметтердің құны және есеп айырысу тәртібі

5.1. Тапсырыс берушіге/Емделушіге көрсетілетін ақылы медициналық қызметтердің құны Емделушінің өтініш берген сәтінде Орындаушы бекіткен ақылы медициналық қызметтердің қолданыстағы Прейскурантына сәйкес айқындалады.

5.2. Медициналық қызметке ақы төлеу Тапсырыс берушімен/Емделушімен жеке (немесе оның келісімімен басқа тұлғамен) қолданыстағы Прейскурантқа сәйкес қызмет көрсету басталған күні толық көлемде жузеге асырылады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезінде, тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жауапты болады.

6.2. Орындаушы Шарттың 3.2.2 т.сәйкес Тапсырыс беруші/Емделуші өзінің денсаулығы туралы толық емес және(немесе) дұрыс емес ақпаратты берген немесе медициналық айғақтардан туындаған жағдайларда медициналық қызметтер көрсетудің сапасы үшін жауап бермейді.

6.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің/Емделушінің денсаулығына келтірілген зиян үшін немесе жоғарыда көрсетілген оқиғалар Тапсырыс берушінің/Емделушінің медициналық нұсқамаларды бұзуының нәтижесінде болған жағдайда, оның сауығы фактісінің болмауы үшін жауапты болмайды.

6.4. Егер бұл орындаамау еңсерілмейтін күштің немесе осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаға кедегі келтіретін басқа да форс-мажорлық жағдайлардың (дүлей зілзаларап, індептер, әскери іс-кимылдар, ереуілдер, құзыретті органдардың тиісті шешімдер қабылдауы және т. б.) салдары болып табылса, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінәра немесе толық орындаамағаны не тиісінше орындаамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

7. Шарттың талаптарын өзгерту

7.1. Орындаушы осы Шарттың талаптарын біржакты тәртіппен өзгертуі мүмкін. Шарттағы өзгерістер Орындаушының сайтында Фаламторда немесе Орындаушының орналасқан жері бойынша қағаз тасымалдағышта жарияланады. Өзгерістер көпшілік алдында орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

8. Шарттың жарамдылық мерзімі

8.1. Осы жария офертаның шарты мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған, оны жариялап орналастырған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін орындаған немесе шартты бұзған сәтке дейін қолданылады.

9. Басқа шарттар

9.1. Офертаның талаптарына қайшы келмestен Тапсырыс беруші/Емделуші және Орындаушы кез келген уақытта ақылы медициналық қызмет көрсету шартын екі жақты жазбаша құжат нысанында ресімдеуге құқылы.

9.2. Тараптар осы Шарт бойынша туындаған барлық дауларды тараптардың және/немесе олардың өкілдерінің келіссөздері арқылы шешуге міндеттенеді. Осы Шартты орындаудың аясында тараптармен реттелмеген барлық даулар ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

9.3. Емделуші «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес Орындаушыға осы Шартты орындау аясында дербес деректерді жинауға, өндеге, жинақтауға және пайдалануға шартсыз келісім береді.

10. Құпиялық

10.1. Тараптар осы Шартты орындау кезінде алынған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелерді өзіне алады.

11. Орындаушының деректемелері:

«Alatau Assistance» ЖШС

050043, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ. Науай к-сі, 310 үй

БСН 140540014838

ЖСК KZ926010131000200632

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ

тел. 8 (727) 356-11-77

БЕКІТЕМІН

Медициналық директоры:

К.Б. Ибраева

